

«6D011000-Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Жусипбекова Шолпан Ерлеспесовнаның «Медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

П І К І Р І

Жусипбекова Шолпан Ерлеспесовнаның медициналық жоғары оқу орындарында болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарына электротехника және электроника негіздері пәнін оқыту әдістемесін жасауға және оны жүзеге асыруға бағытталған. Зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты ғылыми еңбектерге және 6B07201 - Фармацевтикалық өндіріс технологиясы білім беру бағдарламасына жасаған таладауы нәтижесінде анықталған қарама-қайшылықтар зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейді. Осыған байланысты Ш.Е.Жусипбекова болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарына электротехника және электроника негіздері пәнін оқытуда білім беру бағдарламасының кәсіби ерекшелігі ескерілуі керек,- деп есептейді. Осыған сәйкес, Ш.Е.Жусипбекова медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқытудың қазіргі жағдайына талдау жасап, пәннің құрылымы мен мазмұнын айқындаған.

Жусипбекова Шолпан Ерлеспесовна өзінің диссертациялық зерттеу жұмысында келесі негізгі нәтижелеріге қол жеткізген:

– фармацевтикалық өндіріс технологиясы білім беру бағдарламасындағы электротехника және электроника негіздері пәнінің құрылымы мен мазмұнын айқындап, оның физика пәнімен пәнаралық байланысын көрсеткен;

– электротехника және электроника негіздері пәні бойынша практикалық сабақтарды және өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесін көрсеткен;

– болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарына электротехника және электроника негіздері пәнін оқыту әдістемесін жасап, оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексерген.

Зерттеу нәтижелері С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-не, Қарағанды медициналық университетіне, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясына енгізілген.

Докторанттың медициналық жоғары оқу орындарында болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарына электротехника және электроника негіздері пәнін оқытудың әдістемелік жүйесінің барлық құраушы элементтері қалыптастыру экспериментінің барысында жүзеге асырылды.

Диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан құрылымдық логикаға сай жазылған. Докторанттың зерттеу жұмысы талаптарға сай рәсімделген.

Жусипбекова Шолпан Ерлеспесовнаның зерттеу жұмысы бойынша ғылыми жариялымдары Scopus деректер қорына енген шетел басылымында, ҚР ҒЖЖБ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тізімдердегі басылымдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда жарияланған.

Докторанттың қорғауға ұсынып отырған зерттеу нәтижелері ғылыми негізделген және эксперименттік тұрғыда дәлелденген,- деп айтуға болады. «Медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесі» тақырыбы бойынша дайындалған ғылыми жұмыс аяқталған, ғылыми-әдістемелік қолданысқа ие және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді, қорғауға жіберуге болады. Осыған байланысты Жусипбекова Шолпан Ерлеспесовнаның «6D011000-Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын ашық қорғауға ұсынуға болады,- деп есептеймін және Жусипбекова Шолпан Ерлеспесовна «6D011000-Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық,- деп есептеймін.

Пікір беруші:

педагогика ғылымдарының кандидаты,

Абай атындағы Қазақ Ұлттық

педагогикалық

университетінің қауымд. профессор м.а.

